

Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы шартқа қатысушы мемлекеттер үкіметтерінің арасындағы Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта бірлесіп игеру жөніндегі келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 наурыздағы N 317 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 17 ақпанда Мәскеу қаласында жасалған Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы шартқа қатысушы мемлекеттер үкіметтерінің арасындағы Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта бірлесіп игеру жөніндегі келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы
1999 жылғы 26 ақпандағы шартқа қатысушы мемлекеттер
үкіметтерінің арасындағы Ғарыш кеңістігін бейбіт
мақсатта бірлесіп игеру жөніндегі**

Келісім *

**(2001 жылғы 5 шілдеден бастап күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары
бюллетені, 2004 ж., N 10, 61-құжат)*

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы шартқа қатысушы мемлекеттердің үкіметтері,

Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы шартты (бұдан әрі - Шарт деп аталады) іске асыру мақсатында, ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта зерттеудің және қолданудың әртүрлі саласында күш-жігерін біріктіруде мүдделілік таныта отырып,

Шартқа қатысушы мемлекеттердің ғарыш кеңістігін игеруге бағытталған ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуетін сақтау мен дамытудың маңыздылығын т ү с і н е о т ы р ы п ,

ғарыш ғылымының және техникасының Шартқа қатысушы мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуы үшін мәнді екенін м о й ы н д а й о т ы р ы п ,

1967 жылғы 27 қаңтардағы Ғарыш кеңістігін, оның ішінде Айды және басқа да аспан денелерін зерттеу және қолдану жөніндегі іс-әрекетінің қағидалары туралы шарттың, сондай-ақ ғарыш кеңістігін зерттеу және қолдану жөніндегі өзге де

халықаралық шарттардың ережелерін ескере отырып, өздерінің 1991 жылғы 30 желтоқсандағы Ғарыш кеңістігін зерттеу мен қолдану жөніндегі бірлескен қызмет туралы келісімге, 1992 жылғы 15 мамырдағы Ғарыш инфрақұрылымының объектілерін ғарыштық бағдарламаларды орындау мүддесінде ұстаудың және қолданудың тәртібі туралы келісімге, 1992 жылғы 13 қарашадағы Ғарыш кеңістігін зерттеу және қолдану жөніндегі бірлескен қызметті қаржыландыру тәртібі туралы келісімге берілгендігін растай отырып, төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

1. Осы Келісімнің мақсаты ғарыш саласындағы ынтымақтастықтың ұйымдастырушылық негіздерін белгілеу және Тараптардың арасында бірлескен ғарыш қызметінің нақты бағыттары бойынша келісімдер мен басқа да уағдаластықтарды әзірлеу мен жасау үшін құқықтық негізді қалыптастыру болып табылады.

2. Осы Келісім шеңберінде ынтымақтастық ету Шартқа қатысушы мемлекеттердің заңдарына, халықаралық құқыққа сәйкес, сондай-ақ Тараптардың өз міндеттемелерін орындауы үшін өздері қатысушы болып табылатын басқа да келісімдерге зиянын тигізбей жүзеге асырылады.

2-бап

Тараптар ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта бірлесіп зерттеу және пайдалану бағдарламаларының мемлекеттік қолдау қағидаларын және механизмдерін әзірлеу мен енгізу, ғарыш техникасының, технологияларының және қызметтерінің әлемдік рыногіне шығу, сондай-ақ ғарыш саласындағы ұлттық заңдарды бір-біріне жақындастыруға және бір жүйеге келтіруге қатысты келісілген саясатты жүргізу бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайтын болады.

3-бап

1. Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық мынадай салаларда жүзеге асырылады :

- ғарыш кеңістігін зерттеу, оның ішінде астрофизикалық зерттеулер мен планеталарды зерделеу ;
- Жерді ғарыш арқылы алыстан зерттеу ;
- ғарыштық материалтану ;
- ғарыштық медицина және биология ;
- ғарыштық байланыс және онымен байланысты ақпараттық технологиялар мен қызметтер ;
- серіктік навигация және онымен байланысты технологиялар мен қызметтер ;
- автоматты түрде және қолмен басқарылатын ғарыш аппараттарына, жүйелеріне, сондай-ақ тиісті жер құралдарына қатысты ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-құрастырушылық, өндірістік және пайдалану жұмыстар ;
- зымыран тасығыштарды және өзге де ғарыштық көлік жүйесін әзірлеу ;

- ұшыруды жүзеге асыру жөніндегі қызметтерді ұсыну;
- ғарыштық техникалар мен технологияларды жасау кезінде алынған жанама нәтижелерді экономика саласында қолдану;
- ғарыш Ортасын қорғау, оның ішінде техногендік әсердің зардаптарын бақылау, алдын-алу, азайту және жою мәселелері.

2. Осы Келісімнің шеңберінде ынтымақтастық ету мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

- бірлескен жобаларды ғылыми, тәжірибелік және өндірістік базаны қолдана отырып жоспарлау және іске асыру;

- ғарыш ғылымының, техникасының және технологиясының әр түрлі саласындағы ғылыми және техникалық ақпаратты, тәжірибелік мәліметтерді, тәжірибелік-құрастырушылық жұмыстарды, материалдар мен жабдықтарды өзара ұсыну;

- ғарыш аппараттарын және аспаптарды әзірлеу және өндіру;
- ұшыруды қамтамасыз ету және ғарыш аппараттарын басқару, оның ішінде телеметриялық ақпаратты жинау және алмасу үшін жер объектілері мен жүйелерін қолдану;

- кадрлар даярлау және ғалымдармен, техникалық және өзге де мамандармен алмасу бағдарламаларын ұйымдастыру;

- бірлескен симпозиумдар мен конференцияларды өткізу;
- ғарыштық техниканың және қызметтердің халықаралық рыногында әріптестіктің және бірлескен қызметтің, оның ішінде коммерциялық ғарыштық ұшыруларға тиісті қызметтің әр түрлі нысандарын дамыту;

- бірлескен ғарыштық зерттеу саласында техникалық әрекеттестік көрсету.

3. Тараптар ынтымақтастықтың басқа салалары мен нысандарын қосымша белгілей алады.

4-бап

Тараптардың осы Келісімді орындау жөніндегі қызметін үйлестіру Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының Интеграциялық комитетіне (бұдан әрі - Интеграциялық комитет деп аталады) жүктеледі.

Осы Келісімнің шеңберінде жүргізілетін нақты бағдарламалар мен жобалардың орындалуына бақылау жасауды Тараптардың құзырлы ведомстволары жүзеге асырады. Құзырлы ведомстволар осы мақсатта комиссиялар мен жұмыс топтарын құра алады.

Тараптардың құзырлы ведомстволары болып табылатындар:

Беларусь Республикасынан - Беларусь Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ғарыш жөніндегі Ұлттық кеңесі;

Қазақстан Республикасынан - Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Аэроғарыш комитеті;

Қырғыз Республикасынан - Қырғыз Республикасының Сыртқы сауда және өнеркәсіп министрілігі;

Ресей Федерациясынан - Ресей авиациялық-ғарыштық агенттігі;

Тәжікстан Республикасынан - Тәжікстан Республикасының Ұлттық ғарыш агенттігі.

5-бап

Тараптар және олардың құзырлы ведомстволары осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастықтың дамуына әрекеттестік етеді және Шартқа қатысушы мемлекеттердің ұйымдары, кәсіпорындары, фирмалары және өнеркәсіптік топтары арасындағы тікелей байланысты қолдайды.

6-бап

Тараптар мен олардың құзырлы ведомстволары осы Келісімнің шеңберінде жүзеге асырылатын айқындалған бағдарламаларға және жобаларға қолданылатын интеллектуалдық меншікке қатысты жекелеген келісімдерде сақталуға тиісті нормалар мен қағидаларды нақтылай алады. Мұндай келісімдер жоқ болған жағдайда, интеллектуалды меншік құқығын қорғау мен оны бөлу Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта игеру саласындағы интеллектуалды меншік құқығын қорғау мен бөлу туралы келісіммен реттеледі.

7-бап

Тараптар осы Келісім шеңберінде жүзеге асырылатын зерттеулер мен жұмыстардың нәтижелеріне қол жеткізуге рұқсат етуді өзаралық негізде және құпиялылық шарттарын сақтай отырып қамтамасыз етеді және осы мақсатта бір-бірін жекелеген уағдаластықтар жағдайында тиісті ақпараттармен және мәліметтермен алмасу арқылы қ о л д а й д ы .

Әрбір Тарап және оның құзырлы ведомстволары басқа Тараптардың немесе олардың құзырлы ведомстволарының келісімінсіз үшінші тарапқа бірлескен ғарыштық іс-әрекеттің нәтижелерін беруге құқы жоқ.

Әрбір Тарап осы Келісімнің шеңберінде жүзеге асырылатын іс-әрекетке байланысты басқа Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан олардың мүліктерін құқықтық жағынан, оның ішінде мұндай заттарды алып қоюдың немесе орындаушылық әрекеттің кез-келген түрінен қорғауды қамтамасыз етеді.

8-бап

Тараптар өздерінің құзырлы ведомстволарына Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта бірлесіп зерттеу және қолдану жөніндегі мемлекетаралық мақсатты бағдарламаларды жасау жөніндегі келісімнің жобасын әзірлеуді және оны Шартқа қатысушы мемлекеттердің интеграциясын басқару органдарының қарауына ұсынуды жүктейді.

9-бап

Тараптардың осы Келісім бойынша қаржы міндеттемелері әрбір мемлекетте қолданылып жүрген бюджеттік қаржыландыру процедураларына және бөлінген қаржы-қаражаттың бар болуына қарай болады.

Тараптардың бағдарламалар мен жобалар бойынша жұмыстарды орындауға қажетті қаржы-қаражаттарының көлемін Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы үкіметтері басшыларының Кеңесі осы Келісімнің 8-бабына сәйкес нақты мақсатты бағдарламаларды жасау кезінде әрбір Тараптың мүдделеріне қарай орындалатын жұмыстар мен ғылыми зерттеулердің көлемін ескере отырып, үлестік қатысу негізінде а й қ ы н д а й д ы .

Қандай да бір Тараптың өз міндеттемелерін орындауына байланысты қаржыландыру жөнінен түйінді мәселе пайда болған жағдайда, аталған Тарап өзінің құзырлы ведомствосы арқылы іс-әрекет жасай отырып, өзге Тараптардың құзырлы ведомстволарын консультация өткізу үшін бұл туралы хабардар етеді.

10-бап

Осы Келісімді түсінуге және қолдануға қатысты таластар Тараптар арасында өзара консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

11-бап

Тараптар өзара келісім бойынша осы Келісімге жазбаша түрде өзгертулер мен толықтырулар енгізуіне болады.

12-бап

1. Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және депозитарий болып табылатын Интеграциялық комитетке Тараптардың оны күшіне енгізу үшін қажетті ішкі мемлекеттік процедураларды орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарландыруын алғаннан кейін күшіне енеді. Оның қызметі келесі бес жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнен өзі шыққанға дейін депозитарийге өзінің ниеті туралы жазбаша хабарландыруды 12 айдан бұрын жібергеннен кейін шыға алады.

2. Осы Келісім күшін тоқтатқан жағдайда, оның ережелері, егер Тараптар басқаша келіспеген болса, осы Келісімнің шеңберінде жүзеге асырылып жатқан барлық аяқталмаған бағдарламалар мен жобаларға қатысты қолданыла беретін болады.

Осы Келісімнің қолданысын тоқтатуы қаржылық және басқа сипаттағы қолданылып жүрген шарттық міндеттемелерін бір жақты қайта қарауға немесе орындамауға құқықтық негіз болмайды және осы Келісімнің қолданысын тоқтатқанға дейін пайда болған жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді.

13-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін басқа мемлекеттер депозитарийге қосылу туралы барлық Тараптардың келісімімен оған құжаттар тапсыру жолымен қосыла алады. Қосылатын мемлекет үшін осы Келісім депозитарийдің осындай қосылуға келісу туралы соңғы жазбаша хабарламасын алған датадан бастап күшіне енеді.

Мәскеу қаласында 2000 жылғы 17 ақпанда бір түпнұсқа данада орыс тілінде
ж а с а л д ы .

Түпнұсқа данасы осы Келісімге қатысушы мемлекеттерге оның куәландырылған
көшірмесін жіберетін Интеграциялық комитетке сақталады.

Үкіметі үшін	Б е л а р у с ь	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Үкіметі үшін	Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Үкіметі үшін	Қ ы р ғ ы з	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Үкіметі үшін	Р е с е й	Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң
Үкіметі үшін	Т ә ж і к с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң